

2017 жылға Шу ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру үйымдарының тұлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 27 сәуірдегі № 138 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 15 мамырда № 3433 болып тіркелді

Р К А О - н ы ң е ск е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9, 27-баптарына сәйкес Шу ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Шу ауданы бойынша үйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан барлық үйымдар үшін 2017 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру үйымдарының тұлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына қызметкерлердің жалпы санынан квоталар қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Шу ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі пробация қызметінің есебінде тұрған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру үйымдарының тұлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау жұмыстарын үйымдастыруды қамтамасыз етсін.

3. "Шу ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамаларда белгіленген тәртіппен осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын қадағалау аудан әкімінің орынбасары Ербол Еркінұлы Аймамбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің
міндетін атқаруышы

Н. Жақсыбаев

Шу ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 27 сәуірдегі
№138 қаулысына қосымша

2017 жылға пробация қызметінің есебінде тұрган, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығының қалған, білім беру үйімдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарына квоталар

№	Үйімның атауы	Жыл басындағы қызметкерлердің тізімдік саны (адам)	Белгіленген квота мөлшері		Ата-анасынан кәм толғанға дейін немесе ата-ан қамқорлығының беру үйімдарының болып табылаты қатарындағы азама
			Пробация қызметінің есебінде тұрган адамдар	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар	
1	Шу ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы жолаушылар көлігі және автомобилдер жолдары бөлімінің мамандырылған көпсалалы "Ауыз су-Шу" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік мекемесі	63	Жұмыскерлердің тізімдік санынан % 2 %	Жұмыс орындарының саны (бірлік) 3	Жұмыскерлердің тізімдік санынан % 2% 3
	Шу ауданы әкімдігінің тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль				

2	жолдары бөлімінің "Шу-Жылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	74	2 %	3	2%	3	
3	Шу ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Төле би" мамандырылған көпсалалы кәсіпорны" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	55			2 %	2	2%

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК